



EXPO-2017 халықаралық көрмесін өткізуге ниетті Қазақстан әлемдік қауымдастыққа «Болашақ энергиясы» тақырыбын ұсынғаны белгілі. Қалай дегенде де, EXPO сияқты халықаралық көрмелерге қатысу қай елдің болса да әлеуетін дүниежүзіне паш етуге берілген тамаша мүмкіндік деуге болады. Аталмыш көрменің жоғары деңгейде өтуіне атсалысып жүрген еліміздегі іргелі жоғары оқу орындарының бірі — М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінде өткен «Әуезов оқулары – 12: «Ғылым, білім және мәдениеттің инновациялық бағыттарын дамытудағы аймақтық университеттің ролі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция «EXPO-2017» тақырыбына арналды.

«Әуезов оқулары» EXPO -ға арналды

Конференцияға Манчестер метрополитен университетінен (Ұлыбритания), Путра Малайзия университетінен, Акдениз университетінен (Түркия), М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінен, Иванов мемлекеттік политехникалық университетінен (Ресей), Верхноиселз экономикалық университетінен (Польша), Хохенхэйм университетінен, Гамбург қолданбалы ғылымдардың жоғары мектебінен (Германия) серіктес ұйымдастырушылар шақырылды. 70 жылдық тарихы бар оқу ордасында бас қосқан оқымыстылар алдымен ОҚМУ ғалымдары мен талантты жастардың ғылыми жетістіктерінің көрмесін тамашалады. Екі күнге созылған жиында ғалымдар «Қазақстан-2050» стратегиясы – Қазақстан жаһандық және аймақтық деңгейдегі жаңа саяси бағыт, үдемелі индустриалды-инновациялық келешек жағдайындағы аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы, білім беру әдістерін жаңғырту, қазіргі тіл білімі мен әдебиеттанудың тұжырымдық тұрғыдағы мәселелері, «Мәңгілік Ел» Стратегиясы аясында бәсекеге қабілетті тулғаны тәрбиелеу мен дамытудағы спорттық-сауықтыру аспектілері, тарихи-мәдени, археологиялық зерттеулер, этиология және өнер турасындағы ойларын талқыға салды.

Осымен 12-ші рет ұйымдастырылып отырған конференцияның ашылуында университет ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының корреспондент-мүшесі Жұмахан Мырхалықов қонақтарға алғысын айтып: «Әуезов оқулары» оқу ордалымыздағы жыл сайын ұйымдастырылатын дәстүрлі шара. Алыс-жақын шетелден келген ғалым-



қазақ елінің техникалық саланың жілігін шағатын мамандарға зәру екені рас. Осы орайда ОҚМУ-дың түлектеріне түрлі компаниялар арасында сұраныстың жоғары екенін айта кеткен жөн. Мұны жиын барысында «Шымкент инновация» ЖШС директоры Абзал Дәрібаев та мәлімдеді. «Тамақ өнеркәсібі, фармацевтика, құрылыс материалдар индустриясы мұның барлығы Оңтүстік Қазақстан облысының Индустриалдық аймағының негізгі құрылымы қайнар көзі болып табылады. Индустриалдық аймақтың ауқымы кеңейген сайын мамандардың да саны өсуі керек. М.Әуезов атындағы университет жарты ғасырдан бері осындай ең керекті, тапшы мамандарды даярлап ке-



дар жыл сайын әр түрлі тақырыптағы ғылыми жұмыстарын ұсынып, олардың көпшілігі елімізде тәжірибеге еніп, қолданылып келеді. Бұл жолғы конференция Қазақстанды әлемге мықты, өркениетті, дамыған мемлекет ретінде тануына тамаша мүмкіндік беріп отырған «EXPO» көрмесіне арналады. Еліміз қазіргі таңда техникалық мамандарға өте мұқтаж. Іс-шара университетіміздің техникалық саласындағы мамандарды даярлауға үлкен көмекші. Осында айтылған ғалымдардың идеялары, ой тұжырымдары еліміздің индустриалдық инновациялық дамуына өз үлесін қосады деген сенімдемін», - деді. Дамушы

лесті. Біз жыл сайын осындағы түлектерді жұмысқа шақырып отырамыз. Оқу ордасымен, студенттермен бірнеше жылдан бері байланысты үзбей, бірлесіп, түрлі жобаларды жүзеге асырып келеміз және алдағы уақытта да бірге жұмыс жасай береміз. Жас ғалымдардың идеялары, жобалары болса біз көмек беруге әрдайым дайынбыз», - дейді Абзал Амангелдіұлы.

Шара басында Жұмахан Үшкемпірулы «Әуезов оқуларының» кезекті жиыны ғылым қызметкерлер күніне орайластырылғанын тілге тиек етіп, отандық, шетелдік қонақтарға университеттің бірқатар жетістіктерімен таныстырып өтті. Сондай-ақ, ғылымның дамуына

үлесін қосып жүрген бірқатар оқытушылар мен студенттерді түрлі номинация және ақшалай сыйлықтармен марапаттады. Ғылым қызметкерлер күні мемлекет тарапынан ғылымға жастарды тарту және ғылым саласы қызметкерлерінің мәртебесін көтеріп, қолдау көрсету мақсатында 2011 жылдан бері аталып келеді. Мереке отанымыздың өркендеуіне өз үлестерін қосып жүрген зиялы қауым саналатын оқымыстылар үшін елеулі күн.

Президент Н. Назарбаевтың қолдауымен ғылымды қаржыландыру үздіксіз өсіп келеді. Қазақстан 2015 жылға қарай ғылымға кететін шығыстар Ішкі жалпы өнімнің 1 пайызын құрап, 2020 жылы 1,5 пайызға өсіруді көздеп отыр. Айтулы оқу орнында да соңғы үш жылда ғылыми жобаларды қаржыландыру үш есеге ұлғайған. Айта кетейік, баламалы қуат көздері, биохимия және тамақ өнеркәсібі саласында тынбай зерттеп, ізденіп келе жатқан университет ғалымдары жаңалық ашудан республика бойынша бірінші орында келеді. Бүгінде университет республика деңгейінде ғана емес, сонымен қатар, дамыған білім беру және ғылыми инфрақұрылымды, жоғары технологиялар саласында күрделі мәселелерді шешуге, Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдарға арналған жеделдетілген индустриалды-инновациялық даму бағдарламасына сәйкес ғылым мен техникалық жаңа бағыттарын дамытуға қабілетті ғылыми мектебі, кадрлық потенциалы қалыптасқан ірі көп салалы жоғары оқу орны ретінде шет елдерге де танымал. Оған дәлел шетелдің танымал ғылыми журналдарына ОҚМУ оқытушыларының көптеген мақалаларының жарық көруі. Осы секілді ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктерді баяндап өткен ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс жөніндегі проректор, техника ғылымдарының докторы, профессор Марат Исақұлы: «Жастардың ғылыми жұмыспен шұғылдануына барлық жағдай жасалған. Бүгінгі таңда университетте 103 студенттік ғылыми ұйымдастырылған, 3 студенттік технология-

лық бюро, сонымен қатар жақында ОҚО Кәсіпкерлер палатасының демалуымен ашылған коммерциялық жобаларды жүзеге асыруға қолдау көрсететін «Студенттік бизнес-инкубатор» қарқынды жұмыс істеп келеді. Бизнес инкубатор студенттердің ғылымға деген қызығушылықтарын оятып, өз жобаларының жемісін көріп, кәсіпкерлікпен айналысуға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, университеттің жанында тәжірибелік өндірістік кешен құрылып, оның құрамына өсімдіктану, силикаттар мен құрылыс материалдары, құрылыс және сәулет, биотехнология мен микробиология зертханалары топтастырылған. Әр зертхана өз саласы бойынша саналы зерттеулер жүргізу үшін қажетті заманауи қондырғылар мен материалдармен қамтылған. Бұл кешен аясында қоршаған ортаны қорғау, агроөнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы, құрылыс бағыттарындағы жаңа технологиялар сынақтан өткізілуде. Сонымен қатар тағам қоспалары мен медициналық препараттар шығару бойынша арнайы тәжірибелік-өндірістік қондырғылар да жұмыс істемде. Бұл кешенде инновациялық өндіріс мамандары даярланады. Университеттің ғылымы Қазақстанда және сырт елдерде бейорганикалық заттар технологиясы, химиялық және тамақ технологияларының процестері мен аппараттары, мұнай-химия және биотехнология, агротехнология, полимерлер мен резина өңдеу технологиясы, металлургия, плазмохимия, электрохимия, экология, катализ, құрылыс және силикат материалдар технологиясы, этнопедагогика, аймақтық экономика және басқа да ғылыми мектептерімен танымал», - дейді.

Конференция барысында жеңіл және тоқыма өнеркәсібі технологияларының өнеркәсібінің кішісімпозитумы және дөңгелек үстелдер де ұйымдастырылды. Шымкенттің төрінде қонақ болып, конференцияға қатысқан ғалымдар жиын соңында Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи өлкелері: Түркістан, Сайрам, Арыстан баб кесенелеріне саяхат жасады.